

Анықтама

Тақырыбы: «Мамандық таңдау маңызды іс»

Өткізу әдісі: Д.Голланд әдістемесі. Сауалнама

Мақсаты: Жеке адамның өзіндік деңгейін бағалау мақсатында тиісті типін анықтау.

Өткізілетін сынып: 9-11 сыныптар

Қатысқандар оқушы саны: 9 сынып – 53 оқушы; 11 сынып – 42 оқушы

14.10.2024 ж күні мектептің 9-11 сынып оқушыларына «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Диагностика Д.Голланд тесті бойынша алынды. Тесттің нұсқаулығы: төмендегі жұмыс бойынша түрлі мамандықтар көрсетілген. Мамандықтардың әр жұбынан өзіңіздің мақұлдағаныңызға ие болатын мамандықты табуға көмек берілетін сұрақтарға жауап белгілейді.

Тест нәтижесінде 6 тип бойынша анықталады:

- Шынайы – дене күші мен ептілігін пайдаланып, тез нәтиже беретін практикалық жұмыс (ағаш ұстасы, агроном, кондитер);
- Интеллектуал – шығармашылық пен ғылыми-зерттеу қызметі және абстрактілі есептерді шешу (астроном, философ, математик);
- Әлеуметтік – басқа адамдармен қарым-қатынасқа, олардың іс-әрекетін талдауға және оқытуға негізделген жұмыс (педагог, журналист, тәрбиеші);
- Өртістік – жоғары эмоционалдық сезімталдық, ұшқыр қиялға ие актерлік, сахналық және көркемдік қызмет (суретші, дизайнер, мүсінші);
- Тапқыр – қиын жағдайда жетекшілік пен шешім қабылдау қабілетін талап ететін ұйымдастырушылық жұмыс (кәсіпкер, продюсер, директор);
- Конвенционал – іс қағаздарын жүргізу және соған байланысты нақты міндеттерді атқаратын мамандар (іс жүргізуші, банкир, хатшы).

Анықтама:

Оқушылар берілген тапсырманы толық орындап жауап парағын белгіледі. Нәтижесі бойынша 6 типтің қайсысына жақын екенін анықтай алды. Таңдаулары мен тесттің қорытындысы оқушылардың басым бөлігіне сәйкес келді.

🚩 **9 сыныптар бойынша:** Реалистік типі – 9 оқушы


Интеллектуалдық типі – 6 оқушы

Әлеуметтік типі – 17 оқушы


Өртістік типі – 27 оқушы

Тапқыр типі – 6 оқушы

Конвенционалды типі – 8 оқушы



9 сыныптар бойынша: Реалисттік типі – 2 оқушы
 Интеллектуалдық типі – 11 оқушы
 Әлеуметтік типі – 9 оқушы
 Әртістік типі – 7 оқушы
 Тапқыр типі – 6 оқушы
 Конвенционалды типі – 7 оқушы



Ұсыныс:

1. 11 сынып жетекшілерге ҰБТ таңдау пәнін таңдасуына ықпал ету.
2. 9 сынып жетекшілері оқушылардың нәтижесіне қарай жеке оқушылармен сөйлесу.
3. Кәсіп бағдар маманы диагностика қорытындысы бойынша таңдау пәндерін салыстырмалы түрде қарау.

Педагог психолог Дабулова Н

Анықтама


Тақырыбы: «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов)
Өткізу әдісі: Сауалнама
Мақсаты: Әдістеме Е.А.Климовтің кәсіп түрлерінің классификациясына сәйкес әртүрлі мамандық түрлерін таңдауға арналған.
Өткізілетін сынып: 11 сыныптар
Қатысқандар оқушы саны: 11 сынып – 39 оқушы

20.01.2025 ж күні мектептің 11 сынып оқушыларына «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов) тақырыбында диагностикалық жұмыс жүргізілді. **Әдістеменің мазмұны:** ұсынылған 20 жұптың әрқайсысынан біреуін таңдап, жауап парағының сәйкес ұяшығына «+» белгісін қою қажет.

Жауап нәтижесінде: 1.Адам-табиғат.
2. Адам-техника.
3.Адам-адам.
4.Адам-белгілеу жүйесі
5.Адам-көркем бейне.

Анықтама:

Оқушылар берілген тапсырманы толық орындап жауап парағын белгіледі. 5 бөлімнен тұратын адамның жан дүниесін жақын келген бөлім бойынша нәтиже шығарылды.



Ұсыныс:

1. Сынып жетекшілерге таңдау пәндерімен сәйкестендіріп қаңтар ұбт нәтижесін саралауға
2. Кәсіптік бағдар маманы диагностика нәтижесі бойынша оқушылардың таңдап отырған ЖОО анықтау

Педагог психолог Дабулова Н

Психологиялық тренинг

Өткізілетін күні: 23.01.2025ж

Өткізілетін сыныптар: 7-8 сыныптар

Педагог психолог: Дабулова Н.У

Тренинг тақырыбы: «Болашағың өз қолыңда»

Мақсаты: сабаққа ынталандыра отырып, болшақта кездесетін мамандықтармен таныстыру, алға жоспар құрып, мақсатқа жету, армандай білуге дағдыландыру.

1.Тренинг барысы

2.Кіріспе сөз: Психолог сөзі. Өмір жолында болашаққа жоспар құра білу үлкен жетістікке алып келер жолдың бірі. Өйткені біз болашаққа ұмтыла отырып мақсат қоямыз, армандаймыз, талпынамыз, әркетке жасаймыз. Бірақ ең алдымен болашаққа қадам баспас бұрын балалық кезеңнен яғни мектеп табалдырығында жүргенімізден бастап біз білім ала отырып өзімге жақын, жүрегіміздің таңдауымен сүйіспеншілікпен оқитын пәнімізді анықтауымыз қажет. Анықтау нәтижесіне қарай біз қолымыздан келетін істі, кәсіпті анықтай аламыз. Сол себепті бүгін өздеріңізбен психологиялық тренинг сабақ өткізгелі отырмын. Сабаққа белсенділікпен сабаққа қатысуға шақырамын.

Жоспар:

- Есімдер аллитерациясы
- Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер
- Ең-ең... (ойын)
- «Мен қаладым» сұрақнаманың қорытындысымен таныстыру
- Мамандықты тап (ойын)
- Мейірімділік алаңы (жаттығу)
- Бос микрофон

1 «Есімдер аллитерациясы» ата-ана баласының, бала ата-анасының есімін және де бір жағымды қасиетін айтып шығады

2 «Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер»

- Мектептегі оқу пәндері- нақты мамандық емес. Пәнге деген қызығушылық оған байлаеысты жұмыстың ұнайтынын білдірмейді.
- Қалаған мамндықтың мазмұнына көңіл аудару.
- Егер мамандық сенің досына ұнаса, саған ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- Мамандықтың мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы туралы сұрақтарға жауап бере алғанда ғана сенің таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
- Сән қуып, мамандық таңдаудық қажеті жоқ.Оқуды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.
- Алдағы өмірлік жоспарын қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы.
- Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез еакеріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандық болу керек.
- Мүмкіндігінше таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін-келмейтіндігі жөнінде кеңес алған жөн.

(Оқушылар мен ата-аналар арасында ережелер туралы пікір алмасу жүргізіледі)

3 «Ең-ең...» (ойын)

Ата-аналар мен оқушылар 5 топқа тренингтің басында бөлініп отырады. Әр топқа парақшалар таратылады. Ол парақшаларда келесі жазулар болады :

- ең жасыл мамандықтар
- ең ақшалы мамандықтар
- ең таза мамандықтар
- ең көңілді мамандықтар
- ең тәтті мамандықтар

2-3 минуттың ішінде топтың ішінде ақылдасып мамандықтардың тізімін құру керек және де топтың мүшесі тізімдерімен таныстырып шығады.

4 «Мен қаладым» сұрақнаманың қорытындысы

Алдын ала жүргізілген «Мен қаладым» атты сұрақнаманың қорытындысы интерактивті тақтада көрсетіледі. Мақсаты – оқушының бейімділігін және кәсіби

қызығушылығынанықтыу. Оқушылардың таңдауларын қорыта келгенде қандай еңбек түріне бейім екендігі анықталады. (Салалар: табиғат, техника, басқа адамдар, белгі жүйесі, көркем образдар, адамның өзі.)

5 «Мамандықты тап» (ойын)

Тренингке қатысушыларға карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысу керек. Қалғандыра мамандықты табу керек.

Хирург

Фабрика басшысы

Хатшы

Кітапханашы

Банк қызметкері

Сатушы

Мұғалім

Бухгалтер

Слесарь

Сварщик

6 «Мейірімділік алаңы» (жаттығу)

Қатысушыларға түрлі түсті қағаздардан қиылған күннің шуақтары, гүлдер, жасыл шөптер таратылады. Гүлдерге – оқушыларға, жасыл шөптерге – ата-аналарға, күннің шуақтарына - ұстездерға арналған кәсіби бағлар таңдауда ұсыныстар жазылады және де ақ ватманға бекітіледі.

7 «Бос микрофон» (рефлексия)

Еркін түрінде қатысушылар психологиялық тренингтен алған әсерлері туралы пікір бөліседі.

Ақпарат

Тренинг тақырыбы: «Болашағың өз қолыңда»

Өткізілетін күні: 23.01.2025ж

Өткізілетін сыныптар: 7-8 сыныптар

Педагог психолог: Дабулова Н.У Сарбасова З.О.

Жоспарға сәйкес 7-8 сынып оқушыларына «Болашағың өз қолыңда» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: сабаққа ынталандыра отырып, болшақта кездесетін мамандықтармен таныстыру, алға жоспар құрып, мақсатқа жету, армандай білуге дағдыландыру.

Оқушыларға сабақ барысында жағымды көңіл күй орната отырып, болашаққа деген арман мақсаттарын айқындай түсу нәтижесінде «Менің көршім» тренингі, «Пазл» әдісі, «Болашағың өз қолыңда» тақырыбында бейнеролик, «Шырақ» әдісі арқылы сұрақ жауап айдары, «Кел ойланайық» іс тәжірибе жасау, «Кері байланыс» жоспар жасақталып өткізілді.

Тренинг сабаққа оқушылар белсене қатысып, әрбір бөлімде ойларын ашық жеткізді. Әр тренинг пен тәжірибеден соң кері байланыс ретінде өз пікірлерін еркін жеткізді. Сабақ қорытындысында оқушылар керемет әсер алып, ой түйе білгендігін жарыса жеткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DGnQTqVs1NL/?igsh=MXd1NHlpemJwZnVjeQ==>



Ұсыныс:

1. Сынып жетекшілерге сынып сағат уақытында оқушының қызығушылық танытып оқитын пәнін анықтап, болашақтағы мамандығын таңдауға ықпал етуге шақырамын.

Педгог психолог Сарбасова З. Дабулова Н